

## Шектеу іс-шараларын тоқтату туралы

Қостанай облысы Әуликөл ауданы Диев ауылдық округі әкімінің 2021 жылғы 5 тамыздағы № 3 шешімі. Қазақстан Республикасының Әділет министрлігінде 2021 жылғы 12 тамызда № 23960 болып тіркелді

"Қазақстан Республикасындағы жергілікті мемлекеттік басқару және өзін-өзі басқару туралы" Қазақстан Республикасы Заңының 35-бабына, "Ветеринария туралы" Қазақстан Республикасы Заңының 10-1-бабы 8) тармақшасына сәйкес және Әуликөл ауданының бас мемлекеттік ветеринариялық-санитариялық инспекторының 2021 жылғы 7 шілдедегі № 01-23/370 ұсынысы негізінде ШЕШТІМ:

1. Қостанай облысы Әуликөл ауданы Диев ауылдық округінің Қосағал ауылы аумағындағы шектеу іс-шаралары тоқтатылсын.

2. Диев ауылдық округі әкімінің "Шектеу іс-шараларын белгілеу туралы" 2020 жылғы 23 желтоқсандағы № 7 шешімінің (Нормативтік құқықтық актілерді мемлекеттік тіркеу тізілімінде № 9668 болып тіркелген) күші жойылды деп танылсын.

3. "Диев ауылдық округі әкімінің аппараты" мемлекеттік мекемесі Қазақстан Республикасының заңнамасында белгіленген тәртіпте:

1) осы қаулыны Қазақстан Республикасының Әділет министрлігінде мемлекеттік тіркелуін;

2) осы шешімді ресми жарияланғанынан кейін Әуликөл ауданы әкімдігінің интернет-ресурсында орналастырылуын қамтамасыз етсін.

4. Осы шешімнің орындалуын бақылауды өзіме қалдырамын.

5. Осы шешім алғашқы ресми жарияланған күнінен кейін күнтізбелік он күн өткен соң қолданысқа енгізіледі.

*Диев ауылдық округінің әкімі*

*М. Досмурзин*